

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық, қоғамдық-ақпараттық журнал

АБАЙ

НАУРЫЗ-2025

ТАҒЫЛЫМЫ №3(21)



«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық,
қоғамдық-ақпараттық журнал

2023 жылдан бастап шығады.

Шығу жиілігі-айына бір рет.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін
және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ88VPY00079149
куәлігімен тіркелген

БАС РЕДАКТОР:

*Нұрманбекова Раушан
Қабжанқызы*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Еспенбетов А.С.,
профессор, филология
ғылымдарының докторы
Shakarim university

Кәрімов М.Қ.,
профессор, тарих ғылымдарының
кандидаты
Shakarim university

Нускенова А.Х.,
Абай облысы білім басқармасы
басшысының міндетін атқарушы

Исабаева А.С.
Абай облысы білім басқармасы
«Облыстық инновациялық-
әдістемелік орталық» КММ
жетекшісі

Аубакирова М.С.,
дизайнер

«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»
Республикалық ғылыми-
әдістемелік, педагогикалық-
танымдық, қоғамдық-ақпараттық
журнал. Редакция келіп түскен
материалдар, қолжазбалар
қайтарылмайды. Редакция
жолданған материалдың
мазмұнына, сапасына жауап
бермейді. Басылған материал
бойынша жауапкершілік әр
автордың өзінде болады.
Материалдарды журналдың
руқсатынсыз көшіріп басуға
болмайды.

Журнал мұқабасындағы Абай суреті:
<https://florcvet.ru/abay-nanbaev-biografiya/>
А. Бокоев.

«Абай тағылымы» журналы
«ABAY TAGYLYMY»
2025 жыл
Абай облысы, Семей қаласы

МАЗМҰНЫ

<i>Редактордың алғы сөзі.....</i>	<i>3</i>
<i>Абай Құнанбайұлы</i>	<i>4</i>
<i>Сакалова Назгуль Ашкеновна.....</i>	<i>5</i>
<i>Қамбарбаева Гүлім Жеделбекқызы.....</i>	<i>8</i>
<i>Жумабаева Гульмира Абуқызы.....</i>	<i>11</i>
<i>Касенова Айжан Зайтиновна.....</i>	<i>13</i>
<i>Слямова Асемгуль Тулюгеновна.....</i>	<i>15</i>
<i>Ахметкаримова Айгуль Олжабаевна.....</i>	<i>17</i>
<i>Маликова Жанаргуль Ыдырышовна.....</i>	<i>19</i>
<i>Нуршаева Индира Какимбаевна.....</i>	<i>21</i>
<i>Беленков Илья Александрович.....</i>	<i>23</i>
<i>Молдиярова Сандугаш Алтайбековна.....</i>	<i>25</i>
<i>Сеилханова Ляззат Гусмановна.....</i>	<i>27</i>
<i>Нурбекова Гаухар Секеновна.....</i>	<i>29</i>
<i>Насильбекова Жанар Ермековна.....</i>	<i>31</i>
<i>Бабаева Зәуре Мұратқажықызы.....</i>	<i>33</i>
<i>Алмабекова Жадра Абиловна.....</i>	<i>35</i>
<i>Рыспаев Ернат Кунанбаевич.....</i>	<i>37</i>
<i>Досалинова Гульжан Ермековна.....</i>	<i>39</i>
<i>Абайдың тоғызыншы қара сөзі.....</i>	<i>42</i>



Ұлы Абайдың жазу үстелі қасында

*Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Абай*

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Семейге тарихи қала мәртебесі берілді. Бұл ұсыныс жалпы халықтың қолдауына ие болды. Бұдан соң Президент тағы бір маңызды шешім жасап, Абай облысын құрды. Семей қаласын облыс орталығы етіп бекітті. Бұл Жаңа Қазақстанның жаңаша әділетті жолының айқын көрінісі еді. Абай даналығы Қазақ елін асқақтатпаса төмендетпейтіні хақ! Ел Президенті соған ерекше мән беріп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысы ашылғаннан кейін ең алғаш рет «Ұстаздар күнінде» Семейге арнайы келіп, халықпен кездесу өткізді.


Облыс мәртебесіне ие болған кезде қарапайым халықтың қуанышында шек болмады. Әсіресе, бір кездері бұрынғы Семей облысының ірге тасы қалануына тер төгіп, үлкен еңбек сіңірген ардагер-ақсақалдарымыз тіпті көздеріне жас ала қуанды. Кейіннен, облыс әкімі ақсақалдармен кездесу өткізді, ел ағалары жігерлі басшыға ақ батасын берді. Осы жақсы жаңалықтар халықты қанаттандырды, бәріміз серпіліп қалдық. Біз де Абай облыстық білім басқармасының қолдауымен «Абай тағылымы» журналын шығаруды қолға алдық. «Абай тағылымы» журналы ғылыми-педагогикалық ортаға арналған. Дегенмен, қазіргі таңда тек республиканың бүкіл халқы үлкен де, кіші де журналымызға қызу түрде атсалысуда.

Қазіргі заманда ауылда болсын, қалада болсын, білім нәрін себуші ұстаздар қауымы екені рас. «Артық ғылым кітапта» деп ғұлама Абай айтқандай, журналдың басты мақсаты-жаңалықтың жаршысы болу, білім мен тәрбиенің дәнін егу. «Білім – шамшырақ», біз осы жолды ұстандық. Сол себептен журналға Абайдың «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға, ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген өлең жолдарын эпиграф етіп алдық. «Абай тағылымы» – республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық және ел өміріне де арналған қоғамдық-ақпараттық журнал болмақ. Журналға университет, колледж, мектеп мұғалімдерімен қатар, барлық мамандық иелері, жастар мен оқушылар, дана қарияларымыз да атсалыса алады.

Құрметпен, Раушан Нұғманбекова

«Абай тағылымы» журналының Бас редакторы

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗДАР...



Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын

Абай Құнанбайұлы

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.
Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.
Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.
Адасып аландама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да.

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.

Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс – олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы.



«ШАБЫТ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ СТУДИЯСЫ



Сакалова Назгуль Ашкеновна

педагог-зерттеуші

Абай облысы білім басқармасы

Семей қаласы білім бөлімінің

«№11 «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК

Мақсаты: Балалардың шығармашылық ойы мен қиялын дамытудағы, шығармашылық белсенділігін арттыру, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ойын арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Дәстүрлі емес тәсілдердің маңызын ашу.

Сұлулыққа, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Барысы:

Айсана О: Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! «Шабыт» шығармашылық студиямызға қош келдіңіздер!

Раяна:

Алақанмен жылуды.

Айналаға таратайық

Бір-бірімізбен қол ұстасып,

Бақыт күлкі сыйлайық

Жүректі біз ашайық

Бақыт нұрын шашайық.

Айсана О: Достар, мына ғажайып құрақ көрпені әжем беріп жіберді. Құрақ көрпені құрастырып шықсақ, бізге бүгінгі студиямыздың шығармашылық тапсырмасы беріледі.

Кәне, достар құрастырып көрейік. (шеңберге отыра қалып құрақ көрпе құрастырады)

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы құрақ көрпемізді құрап шығып едік, ішінен «Шашу» (топқа бөлу әдісі) коржы шықты. Қандай әдемі, ашып көрейік, қараңдаршы ішінде әр-түрлі сандар жазылған конфеттар бар екен. Сендер түстерді, сандарды жақсы білесіңдер.

- Мынау қандай түстер, қандай сандар жазылған екен? (көрсету)

- Бұл жасыл түс, бір саны жазылған.

- Бұл қызыл түс, екі саны жазылған.

- Көк түс, үш саны жазылған.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, бүгінгі тапсырманы осы түрлі-түсті конфеттардағы сандарды таңдау арқылы топтарға бөлініп орындайсыңдар. Ал, өздеріңе ұнаған сандар мен конфеттарды таңдай қойыңдар. (барлығы таңдап алады)

- Топтарға бөлінуге дайынсыңдар ма?

Балалар: Ия, дайынбыз.

Тәрбиеші: 1 саны жазылған жасыл түсті конфетті таңдаған балалар құм терепиясына арналған заманауи түрдегі ыдыста оюлардың суреттерін саласыңдар. (қошқар мүйіз, ботакөз, гүл, толқын)

2 саны жазылған қызыл түсті конфетті таңдаған балалар торсықтың ою-өрнегін бояйсыңдар.

Ал, 3 саны жазылған көк түсті конфеттің суреті бар балалар, орғышыныны қолдана отырып құсқанаты оюын үлгіге қарап салады.

Балалар, сендер ою түрлерін жақсы білесіңдер, бүгін сол ою түрлерін заман талабына сай жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып салатын боламыз. **Тәрбиеші:** Тапсырманы түсіндіңдер ме? Кәне, сандар жазылған конфетарыңды қойып, орнымыздан тұрайық.

Балалар: (орындарынан тұрып барлығы)

Ал, балалар тұрайық,

Ою-өрнек салайық.

Қошқар мүйіз, құсқанаты, толқын, ботакөз, гүл өрнегі
Бұлар ою әлемі
Қылқаламды алайық,
Әдемі өрнек салайық.

Тәрбиеші: Кім қандай түсті, қандай санды таңдады сол бойынша бөлініп, жұмыс орындарына бара қойыңдар. (музыка қосып қою) Балалар топқа бөлініп, тапсырманы орындауға кіріседі.

(Топқа кәде сыйын алып Раяна кіреді)

Раяна: Достар, менім әжем ауылдан құрт беріп жіберді. Сендере сұрақ қоямын жауап берсендер, кәде сыйға құрт беремін. Дайынсыңдар ма? (құммен сурет салып жатқан балаларға барады)

Балалар: Ия, дайынбыз.

Раяна: Қандай ою түрлерін білесіңдер

Балалар: Құсқанаты, қошқар мүйіз, түйе табан, толқын, гүл, ботакөз, тарақ, бестаңба ою түрлерін білеміз.

Жарайсыңдар, ботакөз, түйе табан, тарақ оюлары қандай болады?

Балалар:

Марғұлан: Ботакөз оюы- сыртқы пішіні ботаның көзіне ұқсап келетін ромбы тәріздес өрнек.

Назар: Түйе табан оюы атты айтып тұрғандай түйенің табанын бейнелейді.

Азима: Тарақ оюы күнделікті тұрмыста қолданатын шаш тарайтын тараққа ұқсайды, бірнеше жуан жолақшалардан тұрады.

Раяна: Рахмет оюлардың түрлерін жақсы біледі екенсіңдер? Әжемнің кәде сыйынан дәм татыңдар.

Раяна: Келесі

топқа барады. Сендерде кәде сый алғыларың келеме? (торсыққа сурет салып жатқан балаларға сұрақ қояды)

Балалар: Ия, алғымыз келеді.

Раяна: Торсықтарың әдемі екен. Торсықты қандай түсті қолданып бояп жатырсыңдар?

- Сары түсті қолданып бояп жатырмыз.

- Торсық не үшін қажет?

Балалар:

Торсыққа қымыз, шұбат, су құяды. Торсықта жақсы сақталады, шөлінді басады.

Раяна: Жарайсыңдар, оюлар туралы тақпақ білесіңдер ме?

Балалар: Ия, білеміз (бірге)

Басбармақты бассам егер ,

«Ботакөз» боп шығады.

Алақанды ашсам егер,

Бестаңба боп шығады .

Егер жұмсам алақанды,

Тарақ ою шығады

Оюларды білетін

Біз қазақтың баласы.

2-ші балалар:

Шай ішетін қоюлап,

Жақсы көрем атамды.

Сырмақ ойған оюлап,

Жақсы көрем апамды.

Раяна: Жарайсыңдар, достарым әжемнің кәде сыйынан дәм татыңдар.

Тәрбиеші: Балалар, шаршаған боларсыңдар, ортаға шеңберге отыра қойыңдар. Әдемі күйге би қимылдарын жасай отырып сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Ырғақты қимыл қозғалыс арқылы жасау

«Келіншек» күйі орындалады (орындарына отырады)

Раяна: Достар, әдемі шыны ыдыста не салып жатырсыңдар, қандай әдемі?

Балалар: Бұл сурет салуға ыңғайлы оргшыны деп аталады. Біз құсқанаты оюын салып жатырмыз.

- Құсқанаты оюы туралы айтып беріндерші!

Балалар: Құсқанаты оюы құстың қанатына ұқсайды. Бұл ою түрі сырмақ, алаша, киімдерде көп кездеседі.

Раяна: Ою туралы мақал-мәтел білесіңдер ме?

Балалар: Ия, білеміз

Мақал-мәтел

Ою ойғанның ойы ұшқыр

Ою ойған сызу да сызады

Үлгісі көптің өрнегі көп,

Өрнегі көптің ермегі көп.

Өнерлі өрге жүзеді,

Өнерлі бала сүйкімді.

Өлеңшінің сөзі алтын

Өнерлінің қолы алтын.

Раяна: Жарайсыңдар, достарым әжемнің кәде сыйынан дәм татыңдар. Тәрбиеші: Балалар, жұмысымызды аяқтап, жинастырып, қолымызды сүртейік.

- Балалар, шеңберге келіп отыра қойыңдар. Бүгінгі ойын арқылы ұйымдастырылған әрекеттер көрінісімізді, ұлттық құндылықтарымызды үнемі есімізде сақтау үшін тамаша ойын ойнап аяқтайық.

Дидактикалық ойын: «Асықтың атауын дұрыс ата?»

Ойын шарты: Балалар столға шеңбер құрып отырады, асықтың атаулары жазылған кубикті кезекпен лақтырып жасырынған тапсырманы сұрақ-жауап арқылы орындайды. Мысалы: Лақтырған асық алшы түссе, жасырынған сурет ою болса, ою түрлерін атап шығады. Ойын осылай жалғасады. Барлық жасырын тапсырмалардың сұрақтарына жауаптарын айтып болған соң, барлығына тапсырма таратылып беріледі, балалар оларды орындап шығады. Артынан қандай тапсырма орындады айтып береді.

Тәрбиеші: Сендер бүгінгі ойын арқылы ұйымдастырылған әрекетімізді, әжеміздің тапсырмаларын жақсы орындадыңдар, сендерге риза болдым. Раянаның әжесіне де әдемі кәде сыйына үлкен рахмет.

Біздің де қонақтарымызға арналған кәде сыйымызда бар. Орамал тоң болмайды, жол болады демекші балардың қолынан дәм алыңыздар.

Қонақтарға кәде сый тарату.



Фото: шартты сурет.



«КӨЗАЙЫМ» ҰЛТТЫҚ ТІГІН АТЕЛЬЕСІ

(Сюжеттік – рөлдік ойын)

Қамбарбаева Гүлім Жеделбекқызы

педагог-сарапшы

Абай облысы білім басқармасы

Семей қаласы білімінің

№ 11 «Ертөстік» бөбекжайы КМҚК

Мақсаты: Қазақтың ұлттық киім түрлерімен таныстыру, коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Фариза: (қабылдау бөлмесінен келген қоңақтарымызды қарсы алады)

-Сәлеметсіздер ме?

-Төрлетіңіздер, жоғары шығыңыздар!

Д/О: «Ұлттық киімдерді» сәйкестендір.

Мына жерде киімдеріміз араласып ,шатасып кетіпті.Сіздер осы киімдердің дұрысын тауып,қойып шығыңыздар.

Дұрыс қойып шықсаныздар төрлетіңіздер, жоғары шығыңыздар.

Фариза: Қайырлы күн бәріне!Қыздар бүгінгі күндеріне сәттілік тілеймін!

-Рахмет!

-**Гүлім:**Сәлеметсіз бе!

Фариза:Менің сізге қандай көмегім керек.

-**Гүлім:** Мен өзіме қазақша көйлек тіктірейін деп едім.

Фариза:Менімен жүріңіз.Бізде осындай дайын көйлектер де бар. Айсұлу,Гүлімді қабылдашы.

-**Айсұлу:**Жарайды.

-Сәлеметсізбе,айта беріңіз ,тыңдап тұрмын.

-**Гүлім:** Сәлеметсізбе, мен өзіме қазақша көйлек тіктірейін деп едім.

-**Айсұлу:**Қандай көйлек?

-**Гүлім:** Қазақша көйлек.

-**Айсұлу:**Бізде қазақша көйлектің үлгілері көп.Әлде оюмен ба,оюсыз ба?

-**Гүлім:** Мен өзім қарап көрейін.

-**Айсұлу:**Таңдай беріңіз.

Д/О: Лулий шеңбері арқылы ұлттық киімдерді ретімен айналдырып көрсетеді,осы киім үлгілерінің ішінен таңдаңыз.

Фариза: Жарнама салып қояйын.Сәлем, сәлем достар. «Көзайым тігін» ательесіне келіңіздер.Дайын көйлектер де бар.Маталар да сапалы.Келіңіздер, Сау болыңыздар!

Айсұлу:Таңдап болдыңызба?

-**Гүлім:** Ия,таңдап болдым.Маған мына киімнің үлгісі ұнап тұр.Өте әдемі екен,осындай көйлек тіктіремін.

-**Айсұлу:**Жүріңіз,енді мата таңдайық.Бізде маталардың түрлері көп.

(мақнал, атлас, сатин, шифон, габардин бар)Бізде маталар өте сапалы.

-Гүлім:Мына мата қалың екен,мына матаның гүлі көп екен.Маған мына мата ұнап тұр. Әрі жеңіл,әрі әдемі екен.

-Айсұлу:Мына матадан қазақша көйлек әдемі шығады.

Гүлім:Түймелердің түрлері көп екен. Қызыл,көк,қара,ақ.Маған ақ керек.

Енді көйлекке кәжекеймен, тақия керек.

Айсұлу:Жүріңіз ,көрсетейін.Самал,Гүлімге кәжекеймен,тақия көрсетші.

Самал:Сәлеметсіз бе!**Жарайды.**Сізге қандай кәжекеймен,тақия керек?**Моншақпен ба,оюмен ба?**

Гүлім:Маған түсі қызыл болса және моншақпен.

Самал:Жақсы

Гүлім:Тігіп үлгересіздер ме?

Фариза :Әрине үлгереміз.Айзере,Гүлімнің өлшемін алшы.

-Айзере:Жарайды.

Келіңіз,ортаға тұрыңыз.*(Айзере,Гүлімнің өлшемдерін алады,қағазға жазып отырады)*

Телефон шырылдайды.

-Сәлеметсіздер ме!

Фариза :Сәлеметсіз бе

-Бұл «Көзайым» ательесі ме?

Фариза : Иә,Көзайым ательесі.

-Маған қазақша көйлек керек еді.

Тігіп бересіздер ме?

Фариза :Иә, әрине.Келіңіз өлшеміңізді аламыз,тігіп береміз.

-Жарайды, келемін.Сау болыңыздар!

Фариза: Сау болыңыз!

-Айзере:Артқа қараныз.Өлшеміңізді алып болдым.Мына қағазды кассаға беріңіз.

-Гүлім: Қағазды береді администраторға.

Фариза:10 теңге болады.

-Гүлім:Менің ақшам жетпейді,каспиймен төлеуге бола ма?

Фариза:Әрине болады.

Гүлім: Нөмер айтыңыз.

Фариза :1,2,3,4,5

Гүлім: Міне төледім.

Фариза : Рахмет, Көйлегіңізге сәрсенбі күні келіңіз дайын болады.

-Гүлім: Сау болыңыздар.

Фариза :Сау болыңыз.

Мухаммад: Сәлеметсіздер ме!

Фариза : Сәлеметсіз бе!

Мухаммад: Жарнама бойыншы келдім, сіздерде тақия бар ма?

Фариза:Әрине бар, жүріңіз көрсетейін

Мухаммад:О, әдемі тақия екен,маған ұнады.Бағасы қанша?

Фариза : 5 теңге, каспимен де төлеуге болады.

Мухаммад: Кьюармен төлеймін.Төледім.

Жақсы, Сау болыңыздар(Төлейді, шығып кетеді.)

Фариза : Рахмет,сау болыңыз!

Фариза: Кәусар, орамалдар дайын ба?

Кәусар: Оюларын жабыстырып отырмын. Дайын болып қалды.

Кәусар: Томирис орамалды үтіктеп беріңізші.

Фариза: Қыздар қолдарын шаршады, саусақ жаттығуын жасап алайық.

САУСАҚ ЖАТТЫҒУ:

-**Айсұлу:** (*Көйлекті тігеді*) дайын болған көйлекті үтіктеуге береді.

Айсұлу: Томирис, көйлекті үтіктеп берші.

Томирис: Жақсы үтіктеп берем.

Гүлім: Сәлеметсіз бе! Менің көйлегім дайын болдыма?

Фариза: Ия, дайын болды. Айсұлу, көйлекті алып келші.

Айсұлу: Міне көйлегіңіз, жүріңіз киіп көріңіз. (*Киінуге кетеді*)

Айсана: Сәлеметсіз бе!

Фариза: Сәлеметсіз бе, сізге қандай көмегім керек?

Айсана: Кішкентай орамалдар тапсырыс беріп едім, дайын болдыма?

Фариза: Әрине, дайын болды.

Айсана: О, орамалдар әдемі шығыпты. Бағасы қанша болады?

Фариза: 5 теңге болды.

Айсана: Ақшанызды алыңыз. Сау болыңыз.

Фариза: Рахмет, келіп тұрыңыз. Сау болыңыз.

Фариза: Қыздар үйге қайтатын уақыт болып қалды, жұмыс орындарыңызды жинаңыздар.

Гүлім: Ой маған көйлек қатты ұнады, сіздерге көп-көп рахмет. Ой жақсы болды ғой, енді мен көйлекті сіздерге ғана тіктіретін боламын.

Фариза: Қыздар Гүлімнің қазақ көйлегі әдемі шығыпты, бойымызды жазып Гүліммен билеп алсақ қайтеді.

Қыздар: Жақсы. (*Қамажай бұл*)

Гүлім: Сайыс басталатын уақыт болып қалыпты, осы әдемі қазақ көйлегіммен кете берейін.

Фариза: Жақсы (*пакетте киіп келегн киімдерін береді*) Келіп тұрыңыз, тағы да әдемі көйлек тігіп беретін боламыз.

Гүлім: Сау болыңыздар.

Қорытынды:

Ал, қыздар ұлттық құндылықтарымызды есімізге түсіре отырып «Оюдың түрлерін ажырат!» деген тамаша бір ойын ойнап алайық.

Тәрбиеші: Бізде «Қонақ кәде» деген болады. «Көзайым» тігін ательесінде біздің қыздар қонақтарға өз қолдарынан арнайы сыйлықтар жасады. Сол сыйлықтарды қабыл алыңыздар.

Тәрбиеші: Осымен «Көзайым» тігін ательесінде балалармен бірге ұйымдастырылған іскерлік ойынымыз аяқталды.





**ӨНЕРЛІНІҢ ҚОЛЫ АЛТЫН,
ӨЛЕҢШІНІҢ СӨЗІ АЛТЫН**

Жумабаева Гүлмира Абуқызы
педагог - сарапшы

Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің
«№11 «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК

Мақсаты: Қазақтың қолданбалы қолөнер бұйымдарының түрлері, қолданатын заттары мен орындау техникасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Ұлттық өнердің сән және қол өнер түріне деген көркемдік, эстетикалық талғамын дамыту.

Қолданылатын көрнекіліктер: Ұлттық киімдер, Ұлттық зергерлік бұйымдар, ұлттық аспаптар. Шашбау, түрлі -түсті жүн, ұршық,

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме!

Ойын: «Алаша»

Ойын шарты: Сіздердің алдарыңызда әртүрлі алашалар берілген. Осы алашаларды құрастырып, қандай оюлардан құрастырылғанын атап көрсетесіздер.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, әріптестер «Әжемнің үйі - Ақ жайлау» мұражайына қош келдіңіздер! Жайғасып отырыңыздар.

Тақпақ: Ән мен күйді төгілтіп,
Инжу маржан шашайық!
Қонақтарды таңқалдырып,
Өнерден күмбез жасайық!

Таснима: Қош келдіңіздер!

Жанерке: Төрлетіңіздер!

Медина: Төр сіздердікі!

Тәрбиеші: Енді Сіздерді «Әжемнің үйі - Ақ жайлау» мұражайын тамашалауға шақырамын.

Таснима: Мен, Біржанқызы Таснима «Әжемнің үйі - Ақ жайлау» мұражайындағы құнды заттармен таныстырып өтейін.

Мына жерде қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары: Бұл шашбау, шашбауды қыздарға сұлулық үшін ғана емес, шашы ұзын болып өссін деп тағады екен.

Шашбауды таққан кезде қыздардың мінезін білуге болады екен.

Мынау бойтұмарды тіл көзден сақтасын деп тағады екен. Мына тұрған сырғаны қыздар әсемдік үшін тағады. Білезікті әжелер де, аналарда тағады.

Жүзікті әже, апаларымыз әдемілік үшін таққан екен. Осы заттарды әр түрлі тастарда, ою өрнектермен әшекейлеген екен.

Тәрбиеші: Рахмет Таснима. Осы қол өнердің бәрін «Әжемнің үйі - Ақ жайлау» студиясында біздің бүлдіршін қыздарымыздың жасаған қол өнері.

Жанерке: Мен, Ерболқызы Жанерке. Келесі мұражайымызда қазақтың ұлттық киімдері таныстырып өтейін. Өздеріңіз көріп тұрғдай мынау шертек, бұны қыздар да аналарымыз киеді. Ал мынау бөрік. Мынау камзол ол шертекке қарағанда ұзын болып келеді. Мына әдемі көйлекті қыздар киеді. Мына жердегі әдемі сәукелені қыздарға тұрмысқа шыққанда кигізеді. Қыздар бас киімі үкілі тақия. Тақия түрлі -түсті жібек, барқыт, маталардан әшекейленеді. Белбеу ою- өрнектермен, құнды тастармен безендіріледі.

Тәрбиеші: Әрине бұл қол өнерлер біздің қыздарымыздың әжелері мен аналарының бірлесіп жасаған бұйымдары.

Аяла: Мен, Ардаққызы Аяла. Келесі біздің мұражайда ең қызығы ұлттық аспаптар қол өнерден жасалған. Мынау киелі домбыра. Бұл домбыра мен ән айтылып, күй шертіледі.

Мынау киелі қобыз. Қобызбен әдемі әуендермен, күйлер, аңыз әңгімелер жеткізіледі. Мынау тұрған жетіген аспабы. Көп ішекті аспап. Дауысы өте ерекше шығады. Мынау даңғыра. Даңғыра қатты дауысты музыкалық аспап.

Тәрбиеші: Бұл жерде біздің қыздарымыздың тек қана әшекей бұйымдарды ғана емес аспаптарда жасап оларға шашақтар қосып ою өрнектермен әшекейлеп бар өнерлерін салып жасады.

Тәрбиеші: Сиқырлы сандықшам ашылды, ішінен жібек шашылды. Мынау сандықшаның ішінен өздеріңізге ұнайтын әшекей бұйымдарды таңдап алып, осы суреттер арқылы үш топқа бөлініп отырсаңыздар.

Тәрбиеші: Қазақ халқының даналық сөздерінің бірі «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» – демекші әр халықтың өзіндік ұлттық қолөнері болады. Сіздерді сол ұлттық қол өнерге байланысты тапсырмаларды орындайсыздар.

Бірінші топ. «Шебердің қолы алтын»

Сіздерге тапсырма: Сіздердің алдарыңызда түрлі- түсті құрғақ жүндер, рамкалар, ыдыстағы су, қайшы жатыр. Осы заттарды қолдана отырып, әрқайсысыңыз жекелей жұмыс жасап көрсетсеңіздер. Осы тапсырмаларды орындап болған соң үш топтан араларыңыздан бір адам ғана қорытындылып қорғап шықса.

Тәрбиеші: Келесі екінші топ «Ұлттық қолөнер – ұлт мұрасы» деп аталады. «Таудың көркі тас, қыздың көркі шаш» демекші халқымыз қыздың көркі шаш, шаштың сәні шашбау деп бекер айтпаған. Ендеше сіздер бұл топта алдарыңызда тұрған әр түрлі заттардан қыздарға арналған шашбаудың түрлерін жасап көрсетесіздер.

Үшінші топ: «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі»

«Ұршық иіріп, тоқыма тоқу- үлкен шеберлік» демекші келесі тапсырмамыз түрлі- түсті жүндерді түтіп, иіріп, сол иірілген жіптерден өз қолөнерлеріңізді көрсетіп тоқыма тоқып көрсетесіздер.

Тәрбиеші: Сіздермен жұмыс жасай отырып, «Ахау, Семей» ансамблінен әжелеріміз келіп отыр бір ән айтсақ қалай болады.

Сұрақ- жауап қойылады:

1. Жүннің фактурасы қандай болады?
2. Панно дегеніміз?
1. Шашбау, шолпы жайлы не білесіздер
2. Шашбаудың қандай түрлерін білесіздер?
1. Ұршық иірудің адам денсаулығына пайдасы қандай деп ойлайсыздар?
2. Тоқыма тоқудың қандай пайдасы бар?

Тәрбиеші: Енді сіздермен бағанадан бері отырып жұмыс жасадық. Құрметті әріптестер, қонақтар ұлттық құндылықтарды есімізге түсіре отырып Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғау» күйіне тамаша бір көңілмен көңілімізді көтеріп алайық.

Тәрбиеші: Әжелерімізбен бірге бірінші топ әнді бастап айтады, қалған екі топ сол әнді жалғастырады.

Тәрбиеші: Әжелерімізбен бірге әдемі ән айттыңыздар. Енді біздің қыздарымыздың ұршық биін тамашалаңыздар.

Би: «Ұршық»

Қорытынды: Әр педагог өздерінің жасаған жұмыстарын қысқаша қорытындылайды.

Тәрбиеші: Бізде «Қонақ кәде» деген болады. «Әжемнің үйі – Ақжайлау» студиясында біздің қыздар қонақтарға өз қолдарынан арнайы сыйлықтар жасады. Сол сыйлықтарды алу үшін сіздерге әртүрлі сұрақтар дайындап қойдық.

Қорытынды: Қазақ қалқының ұлттық қол өнерімізді дәріптеу мақсатында балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру. Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы демекші осымен «Әжемнің үйі - Ақ жайлау» студиясында балалармен бірге ұйымдастырылған «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын» атты іскерлік ойымыз аяқталды. Құрметті әріптертер, қонақтар іскерлік ойынға белсене қатысқандарыңыз үшін көп рахмет.

БІЛІМДІЛІКKE БАСТАР ДӘПТЕР

Касенова Айжан Зайтиновна

экономикалық пәндер оқытушысы

Абай облысының білім басқармасы

«Көлік колледжі» КМҚК



Аңдатпа: Бұл мақалада «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін оқытуда жұмыс дәптерлерін қолдану тәжірибесі қарастырылады. Жұмыс дәптерлерінің оқу процесіндегі рөлі, студенттердің білім алудағы тиімділігі, практикалық дағдыларды дамытудағы маңызы мен артықшылықтары талданады. Сондай-ақ, жұмыс дәптерін қолдану арқылы студенттердің бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: бухгалтерлік есеп, оқыту, жұмыс дәптері, есептер, практикалық дағдылар, кәсіби құзыреттілік.

Қазіргі заманда бухгалтерлік есеп – кез келген кәсіпорынның тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды салалардың бірі. Бухгалтерлік есептің негіздерін меңгеру экономика саласындағы мамандарды даярлаудағы маңызды кезең болып табылады. Бұл пәнді оқытудың тиімділігі студенттердің теориялық білімдерін практикалық дағдылармен ұштастыруға байланысты. Осы орайда, жұмыс дәптерлерінің оқу процесіндегі рөлі ерекше маңызға ие болады. Жұмыс дәптерлері студенттерге теориялық материалды бекітуге, практикалық дағдыларды дамытуға және кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс дәптерлерінің оқу процесіндегі рөлі

Жұмыс дәптері – студенттердің бухгалтерлік есеп негіздерін меңгеруде қолданылатын маңызды оқу құралы. Ол келесі қызметтерді атқарады:

- Теориялық материалды бекіту: Жұмыс дәптеріндегі есептер студенттерге дәріс және практикалық сабақтарда алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді.
- Практикалық дағдыларды дамыту: Есептерді шешу барысында студенттер шоттарды толтыру, есептік жазбаларды жүргізу, есептік құжаттарды толтыру сияқты практикалық дағдыларды дамытады.
- Логикалық ойлауды дамыту: Есептерді шешу студенттерден талдау жасауды, логикалық ойлауды және дұрыс шешім қабылдауды талап етеді.
- Өздік жұмыс дағдыларын дамыту: Жұмыс дәптерлері студенттерге өздік жұмыс жасауға, білімдерін өз бетінше тексеруге және қателерін түзеуге мүмкіндік береді.

Жұмыс дәптерінің тиімділігі:

- Есептердің әртүрлілігі: Жұмыс дәптерінде әртүрлі қиындық деңгейіндегі есептердің болуы студенттерге оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейіне қарай бейімдеу. Бұл студенттердің дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар таңдауға мүмкіндік береді.
- Нақты жағдайларға бағдарлану: Есептер нақты өмірдегі бухгалтерлік жағдайларды имитациялайды. Бұл студенттердің болашақ кәсіби қызметіне дайындалуына көмектеседі.

- Кері байланыс: Оқытушы студенттердің жұмысын тексеруі және оларға кері байланыс беруі жұмыс дәптеріне бағалау парағымен жүзеге асырылады. Осы бағалау парақ арқылы оқытушы студенттің меңгеру, түсіне динамикасын көре алады, сонымен қатар келесі кәсіби модульді меңгеруге көшкен студенттің білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл студенттерге қателерін түсінуге және білімдерін жетілдіруге көмектеседі.



Жұмыс дәптерін қолдану арқылы кәсіби құзыреттілікті арттыру

Жұмыс дәптерін қолдану студенттердің бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Бұл студенттерге:

- Бухгалтерлік операцияларды орындау дағдыларын дамытуға;
- Есептік құжаттарды дұрыс толтыруға;
- Қаржылық есептілікті талдауға;
- Қаржылық шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Қорытынды: «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнін оқытуда жұмыс дәптерлерін қолдану студенттердің білім алу сапасын арттырудың тиімді әдісі болып табылады. Жұмыс дәптерлері студенттердің теориялық білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларын дамытуға және кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолдану бухгалтерлік есеп саласындағы білікті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Голова, В. В. Основы бухгалтерского учета.- М.: Юрайт, 2019.- 320 с.
- Бухгалтерский учет: теория и практика / Под ред. О. А. Лопатина. СПб.: Питер, 2020. - 544 с
2. Генкина, Л. Я. Бухгалтерский учет: Практическое руководство. - М.: Вершина, 2020. - 348 с
3. Жукова, Л. А. Проблемы и методы преподавания бухгалтерского учета.- М.: Финансы и статистика, 2017. - 280 с



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Слямова Асемгуль Тулюгеновна

химия және биология пәндерінің оқытушысы

Абай облысының білім басқармасы

«Көлік колледжі» КМҚК

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушыларды тек теориялық біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың өмірлік дағдыларын да дамыту. Бұл мақсаттың жүзеге асырылуына орай маңызды құралдардың бірі – функционалдық сауаттылықты дамыту. Функционалдық сауаттылық, әсіресе жаратылыстану пәндерін оқытуда маңызы зор, оқушылардың алған білімдерін тек теориялық тұрғыдан ғана емес, нақты өмірде қолдануға қабілетті болуын қамтамасыз етеді. Жаратылыстану пәндері – биология, химия,

физика, география – оқушыларды табиғаттың заңдылықтарын түсінуге, табиғат пен қоғам арасындағы байланысты анықтауға үйретеді. Осы пәндер арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері мен зерттеу дағдылары дамиды, оларды функционалдық сауаттылықпен қаруландыру мүмкіндігі пайда болады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның қоғамда тиімді әрекет етуі үшін қажетті білім, дағдылар мен қабілеттер жиынтығы. Оған ақпаратты іздеу, оны түсіну, талдау және өмірлік жағдайларда қолдану қабілеті жатады. Бұл дағдылар оқушыны қоғамның белсенді мүшесіне айналдырады, әрі оның кәсіби дамуына ықпал етеді. Жаратылыстану пәндерін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту оқушыларды тек пәндік біліммен ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау, зерттеу жүргізу, эксперимент жасау, проблемаларды шешу дағдыларымен де таныстырады. Жаратылыстану пәндерінде оқушыларды ғылыми зерттеу жүргізуге, тәжірибе жасауға бағыттау өте маңызды. Мысалы, химия пәнінде химиялық реакцияларды зерттеу, физикада табиғат заңдарын тәжірибе арқылы түсіну, биологияда тірі ағзалардың құрылымын зерттеу арқылы оқушылар өздерінің теориялық білімдерін практикада қолдануды үйренеді.

Білім алушыларға табиғаттағы экологиялық мәселелерді шешу немесе жаңа технологияларды қолдану туралы жобалар жасау ұсынылады. Мысалы, энергия тиімділігін арттыру, қалдықтарды қайта өңдеу немесе жасыл энергия технологиялары бойынша жобалар оқушыларды шығармашылық және зерттеушілік тұрғыдан ойлауға үйретеді[1.25]

Жаратылыстану пәндерінде оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға, ғылыми әдіснамаларды қолдана отырып мәселені шешуге мүмкіндік беріледі. Мысалы, табиғаттағы түрлі процестерді талдап, олардың нәтижелерін болжау арқылы оқушылар тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны өңдеу және өз пікірін негіздеу дағдыларын дамытады.

Қазіргі таңда интерактивті әдістер мен ақпараттық технологиялар білім беру саласына кеңінен енуде. Бұл әдістер оқушылардың өз бетінше жұмыс істеп, ақпаратты тиімді өңдеуге үйретеді. Жаратылыстану пәндерінде виртуалды зертханалар, симуляциялар және ғылыми бағдарламалар қолдану оқушылардың білімін нығайтуға ықпал етеді. Интернет ресурстары

мен мультимедиялық құралдарды қолдану оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Ғылыми бейнемазмұндар, виртуалды турлар, ғылыми симуляциялар және онлайн зертханалар оқушылардың ақпаратты жеңіл және қызықты түрде меңгеруіне мүмкіндік береді. Осы ресурстарды пайдалану оқушыларға материалды терең түсінуге және оны әртүрлі көзқараспен зерттеуге мүмкіндік береді. Жаратылыстану пәндерінде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру қажет. Олар тек пәндік білімдерді емес, сонымен қатар ақпаратты іздеу, сараптау және оны дұрыс пайдалануға дағдылануы керек. Жаратылыстану пәндерін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту — қазіргі білім беру жүйесінің маңызды мақсаты. Бұл процесс оқушыларды тек теориялық біліммен емес, сондай-ақ практикалық тәжірибелермен де байытады. Жаратылыстану пәндерін оқытуда зерттеу жұмыстарын, жобаларды және қолданбалы тапсырмаларды енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Әрбір оқушының заманауи әлемде табысты болу үшін функционалдық сауаттылығының жоғары деңгейде болуы маңызды[2,17].

Сол себепті де, жаратылыстану пәндерін оқытуда басқа пәндермен байланыстыра отырып оқыту маңызды. Мысалы, физика мен математика арасындағы байланыс, биология мен химияның өзара әрекеттестігі, география мен экологияның бір-бірімен байланысы оқушыларға әлемді кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың сыни ойлауын және олардың функционалдық сауаттылығын арттырады. Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған заманауи педагогикалық әдістер мен технологиялар бойынша мұғалімдердің білімін жетілдіру қажет. Мұғалімдер оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді, мысалы, топтық жұмыс, жобалық әдіс, зерттеу жұмыстары және шығармашылық тапсырмалар сияқты педагогикалық технологияларды меңгеруі тиіс. Жаратылыстану пәндерін оқытуда оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін ғылыми жобалар мен тәжірибелік зерттеулерді ұйымдастырған жөн. Оқушыларға өздеріне қызық тақырыпты таңдап, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру олардың ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Олар әртүрлі ғылыми әдістер мен эксперименттерді қолдана отырып, мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздейді[3,5].

Білім алушыларды экологиялық және әлеуметтік жобаларға тарту олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға көмектеседі. Мысалы, оқушыларға ауылшаруашылық өндірісіндегі экологиялық әсерлерді зерттеу, қайта өңдеуді насихаттау, су ресурстарын үнемдеу сияқты жобалар бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік беру қажет. Бұл оқушылардың қоғам алдындағы жауапкершілігін сезініп, жаратылыстану ғылымдарының практикалық аспектілеріне назар аударуына ықпал етеді. Жаратылыстану пәндерін оқытудағы функционалдық сауаттылықты дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды мақсаты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхамедова Н. М. "Қазіргі заманғы мектепте функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістері" // Қазақстан педагогикалық журналы, 2019.
2. Жазылбекова А. С. «Жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасын жетілдіру» // Жаңа білім, 2020.
3. Питерсон Л. К. «Жаратылыстану пәндерін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану» // Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал, 2017.



ЭССЕ ЖАЗЫП ҮЙРЕНЕМІЗ

Ахметкаримова Айгуль Олжабаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Абай облысы, Аягөз қаласы

**«Мектеп жанындағы интернаты бар
жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ**

Эссе дегеніміз (фр. тіл. *essai* -тәжірбие, лат.т. *exagium* – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал

«эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде эссеге: «Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма» деген анықтама берілген. Эссе – бұл адамның субъективті пікірі, көзқарасы мен ойы еркін түрде жазылатын әдеби жанрдың бір түрі. Эссенің басқа жанрлардан басты айырмашылығы - ой еркіндігі және көлемі жағынан қысқа болып келуі.

Эссе жазу — оқушыларға өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге, мәтіннің құрылымын сақтауға, логикалық байланыс орнатуға үйрететін тиімді әдіс. Эссе жазудың тиімділігі осы кезеңде олардың жазбаша сөйлеу дағдыларының белсенді дамуына ықпал етеді. Жас ерекшеліктеріне сәйкес балаларды қызықтырып, өз ойларын еркін жеткізуге үйрету маңызды.

Эссе жазу — оқушылардың қиялы мен шығармашылығын дамытуға керемет мүмкіндік. Эссе жазу барысында оқушыларға әртүрлі тақырыптар ұсынылып, оларды өз көзқарастарын білдіруге және шығармашылық тұрғыдан ойлауға үйретеді. Сонымен қатар эссе жазу оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге және әртүрлі стилистикалық ерекшеліктерді қолдануға үйретеді. Оқушыларға жаңа сөздерді меңгеру арқылы өз ойын түрлі тілдік тәсілдермен жеткізе білу дағдылары қалыптасады.

Эссе жазуда құрылымды сақтау және логикалық байланыстарды орнату маңызды рөл атқарады. Оқушыларды негізгі ойды нақты жеткізуге, мәтіннің құрылымын дұрыс құруға үйрету олардың жазбаша сөйлеуінің сапасын арттырады. Эссенің құрылымын дұрыс құру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) оқушылардың ой-өрісін дамытуға ықпал етеді.

Эссе құрылымы:

Кіріспе бөлім

Тақырыпқа қатысты түсінік беру сөйлемі, ой үзгі

Тезис

Негізгі бөлім

Тезиске қатысты пікір

Пікірді талқылау, ойды дәйектеу, дәлелдеу, жинақтау аргументтері

Қорытынды бөлім

Абзацта айтылған ойлар түйіні

Эссені қорытындылайтын ой тұжырымы

